

**№3 мектеп гимназиясы 2025-2026 оқу жылында
Мектеп Парламентінің қыркүйек–қазан айларында
атқарылған жұмыстар туралы
есебі**

Ұстаздар күніне арналған «Алғыс білдіру ағашы»

Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен Ұстаздар күніне арналған «Алғыс білдіру ағашы» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ұстаздарға деген ризашылық сезімін білдіру және олардың еңбегін бағалау.

Оқушылар ұстаздарына арнап алғыс пен жылы лебізге толы хаттар жазып, арнайы безендірілген «Алғыс ағашына» ілді. Бұл шара ұстаздарға мерекелік көңіл күй сыйлап, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы рухани байланысты нығайтты.




<https://www.instagram.com/reel/DPZjbvODBG/?igsh=MWk2Mm0wODUyemc4aA==>

«Көзінді аш — әлем сенің қолыңда»

Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Көзінді аш — әлем сенің қолыңда» атты бейнеролик түсірілді.

Бейнероликтің негізгі идеясы – әр адамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үндеу. Жобада оқушылар тазалық пен экосана тақырыбында өз ойларын жеткізіп, қоршаған ортаны қорғауға шақырды.

Іс-шараның мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін көтеру және табиғатты аялау құндылығын насихаттау.




<https://www.instagram.com/reel/DPlzJ9ajNuD/?igsh=emtlZTM5cm84djR0>

7-11 сынып аралығында Волейбол турнирі

№3 мектеп-гимназиясында 7–8 сыныптар арасында волейбол турнирі өткізілді.

Турнир барысында оқушылар белсенділік танытып, тамаша ойын көрсетті.

Нәтижесінде I, II, III орын иегерлері анықталып, «Үздік ойыншы», «Үздік шабуылшы», «Үздік байланыстырушы» номинациялары бойынша оқушылар марапатталды.



<https://www.instagram.com/reel/DPs7xnijIs3/?igsh=MXNmMjZtNmEzcGZvMA==>

<https://www.instagram.com/reel/DPs7xnijIs3/?igsh=MXNmMjZtNmEzcGZvMA==>

«ЭКО - қорапша ойыны»

Мектебімізде 2025 жылғы 1 қазан күні 1-сынып оқушыларына арналған «Экоқорапша» танымдық ойыны өткізілді. Оқушылар қоқысты дұрыс сұрыптау тапсырмаларын қызығушылықпен орындап, табиғатты қорғаудың маңызын түсінді. Бұл ойын балаларға экология туралы жаңа білім мен жақсы көңіл күй сыйлады.



<https://www.instagram.com/reel/DPs7xnijIs3/?igsh=MXNmMjZtNmEzcGZvMA==>

«Ұлттық дәстүрлер мен салттар күні»

Мектебімізде «Ұлттық дәстүрлер мен салттар күні» өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар өз ұлтының мәдениетін таныстырып, ұлттық киім киіп, салт-дәстүрлер мен ұлттық тағамдар жайлы әңгімеледі. Әр сынып өз елінің ерекшелігін шығармашылық түрде көрсетті — би, ән, көріністер ұйымдастырылды. Бұл шара оқушылардың отансүйгіштік сезімін, өз ұлтына және өзге ұлттарға деген құрметін арттырды. Мектепте бірлік пен достықтың рухы айқын сезілді.



<https://www.instagram.com/reel/DP1hhlXDLBg/?igsh=a2ZseXFjNDFxcDlx>

«Сен кім болғың келеді?»

Мектебімізде «Сен кім болғың келеді?» тақырыбында қызықты әрі пайдалы сынып сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылар өз армандарымен және таңдағылары келетін мамандықтарымен бөлісті. Олар дәрігер, мұғалім, ғарышкер, бағдарламашы сияқты түрлі

мамандықтар туралы ойларын ортаға салды. Сынып сағаты оқушыларға өз қабілеттерін тануға, болашақ мақсатын айқындауға және мамандық таңдаудың маңызын түсінуге мүмкіндік берді.



<https://www.instagram.com/reel/DP4WNabjGu8/?igsh=bTRiZGprdTd1cnZy>

Республика күніне орай танымдық сауалнама

Мектебімізде Республика күніне орай танымдық сауалнама өткізілді. Оқушылар еліміздің тарихы, рәміздері және тәуелсіздігі туралы сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсетті. Іс-шара оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, Қазақстанның жетістіктерін мақтан тұтуға мүмкіндік берді. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, патриоттық рух көрсетті.



<https://www.instagram.com/reel/DQBa9iNDMdG/?igsh=MTFnanN4bTM4dGI0OQ==>

Республика күніне арналған сұхбат

Мектебімізде 25 қазан — Республика күніне арналған сұхбат өткізілді. Сұхбат барысында оқушылар ел тарихы, тәуелсіздік және бірлік туралы өз ойларымен бөлісті. Іс-шараның мақсаты — оқушылардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасына деген мақтаныш пен құрмет рухын арттыру.



Республика күні
қашан аталып
өтеді?



Болашақта біздің
еліміз қандай болуы
керек?



Что изображено в
центре
Государственного
герба Казахстана?



Біздің жастар
республика дамуына
қалай үлес қоса
алады?



Что означает
слово
«суверенитет»?



Қандай тарихи
оқиға
Республика
күнімен
байланысты?



https://www.instagram.com/reel/DQGDBF_CAw-/?igsh=azY1aGttNzUyYmZl

«Салауатты ой – бақытты өмір» атты тренинг

Мектебімізде 22 қазан күні Республика күніне орай бастауыш сынып оқушыларына арналған «Салауатты ой – бақытты өмір» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар позитивті ойлау мен өмірге деген сүйіспеншіліктің маңызын түсінді. Іс-шара балаларға жақсы көңіл күй мен шабыт сыйлады.



<https://www.instagram.com/reel/DQPawQDAme/?igsh=MTBnMWU3bnBoMTc1ZQ=>

=


«Аналар күніне» арналған мерекелік іс-шара

Мектебімізде 21 қыркүйек — Аналар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өз аналарына деген махаббатын, алғысын және құрметін білдірді. Балалардың өз қолдарымен жазған хаттары ең жүрекжарды сыйлыққа айналды. Бұл күн оқушыларға мейірім мен сүйіспеншіліктің мәнін терең түсінуге мүмкіндік берді.



«ЭКО IQ» викторинасы

Мектебімізде 8-сыныптар арасында экологиялық бағыттағы «ЭКО IQ» викторинасы өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар табиғатты қорғау және экологиялық мәдениет туралы білімдерін көрсетті. Нәтижесінде қатысушылардың 97%-ы жоғары нәтиже көрсетті. Бұл викторина оқушылардың экологиялық ой-санасын арттыруға және табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталды.



https://www.instagram.com/reel/DQtb_wEjOCE/?igsh=MTZxbnEzdzJyZ2Vycg==

Республика күніне арналған игі іс мектептік кітап жинау байқауы

Республика күніне орай мектебімізде «Мектептік кітап жинау байқауы» өтті!

Іс-шараның мақсаты — мектеп кітапханасын жаңа, таза және қызықты кітаптармен толықтыру, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру болды.

Акция барысында көптеген оқушылар белсенділік танытып, өздерінің сүйікті кітаптарын сыйға тартты. Көп кітап тапсырған оқушылар 1, 2, 3 орындармен марапатталып, белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табыс етілді. Іс-шараны мектеп парламенті мен мектеп кітапханашысы Каржас К.А. ұйымдастырды




<https://www.instagram.com/p/DQ3d8ggjJ3L/?igsh=MWpsZncwM2Rzduc4aw==>

«Коррупцияға жол жоқ» бейнеролигі

Мектебімізде «Коррупцияға жол жоқ» тақырыбында бейнеролик түсірілді.

Мақсаты – оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау, сондай-ақ қоғамда парасыз өмір салтын дәріптеу. Бейнероликке оқушылар белсенді қатысып, өз ойлары мен ұстанымдарын шығармашылық түрде көрсетті.



<https://www.instagram.com/reel/DQ11oFzjEjK/?igsh=MTczY3ZvZTtodWs2>

Орындаған: мектеп тәлімгері

